



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

16.02.2014 ж.

Қостанай қаласы

№ 66

Қостанай

Оңалту басқарушыны босату туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 10-тармағының 3) тармақшасына және 15-бабының 3) тармақшасына сәйкес және 2017 жылғы 27 қаңтардағы «Meat Land» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - ЖШС) кредиторлар жиналысы хаттамасының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оңалту басқарушы Серик Александрович Мусин оны босату туралы кредиторлар жиналысының шешіміне байланысты «Meat Land» ЖШС-ның мүлкін және істерін басқарудан босатылсын.

2. С.А. Мусин үш жұмыс күнінен кешіктірмей мерзімде борышкердің барлық құжаттарын, құрылтай, қаржылық және мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды қоса, борышкердің барлық мүлкін (активтер), сондай-ақ борышкердің мөрін жаңадан тағайындалған оңалту басқарушыға тапсырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Департамент басшысының
міндетін атқарушы



С. Ахметов

009413